

АТЫРАУ ТҰРҒЫНДАРЫ ІРО БАҒДАРЛАМАСЫНА
ҚАТЫСУ МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ



3

ПОДДЕРЖКА ОТЕЧЕСТВЕННОГО
ПРОИЗВОДИТЕЛЯ



4

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРГЕ ҚҰРМЕТ



5



Embi ТЫНЫСЫ

№15 (99)
ҚЫРКҮЙЕК
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ТАҒАЙЫНДАУ

«EmbiMunayGas» АҚ Директорлар кеңесінің 12 тамыз 2022 ж. шешімімен бекітілген Компанияның басқару аппараты ұйымдық құрылымының өзгеруіне байланысты (№ 29 хаттама) «EmbiMunayGas» АҚ-ның 12.08.2022 ж. №249-ШР бұйрығы негізінде төмендегі қызметкерлер тағайындалды:



«EmbiMunayGas» АҚ Бас директордың геология және игеру жөніндегі орынбасары қызметіне **КӨЗОВ Қайрат Салауатұлы** тағайындалды. Бұған дейін Қ.Көзов компанияның бас геологы қызметін атқарды.



Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары қызметіне **ЖЫЛҚАЙДАРОВ Мақсат Өркенұлы** тағайындалды. Бұған дейін М.Жылқайдаров компанияның сатып алуларды жоспарлау және ұйымдастыру департаментінің директоры қызметін атқарды.



Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары қызметіне **ШАРАФЕТДИНОВА Гүлбану Әбутәліпқызы** тағайындалды. Бұған дейін Г.Шарафетдинова компанияның қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры қызметін атқарды.

Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры болып **ГУБАЙДУЛЛИН Бекет Бауыржанұлы** тағайындалды.

Өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар департаментінің директоры болып **НСАНБАЕВ Болат Мұратұлы** тағайындалды.

Геология және барлау департаментінің директоры болып **ТАСЕМЕНОВ Ернұр Тасеменұлы** тағайындалды.

Келешектік даму және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры болып **КУРИМОВ Мұратбек Санбайұлы** тағайындалды.

Сатып алу департаментінің директоры болып **ДОШҚАЙ Айболат Жолдасұлы** тағайындалды.

Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі **ҚАРАЖАНОВА Ғалия Аманбайқызы** тағайындалды.



МӘЖІЛІСМЕНДЕР МҰНАЙШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясының мүшелері Сәлімжан Нақпаев пен Нұрлыбек Ожаев «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппараты ұжымымен кездесті.

Мұнай саласы тек Атырау облысы үшін ғана емес, республика экономикасы үшін үлкен мәнге ие. Сондықтан, мәжілісмендер кездесу барысында Парламентте атқарылған жұмыстар туралы баяндап, мұнай саласына қатысты жалпы жұмыстардың бағытымен танысты. Ұжым мүшелерімен пікір алмасып, сұрақтарға жауап берді.

Басқосу кезінде депутаттар жұмыс барысында 75 заң жобасы бекітіліп, бірнеше толықтырулар мен

өзгертулар қаралғанын баяндады. Өз тараптарынан 12 депутаттық сауал жолдағандарын жеткізіп, олардың орындалысын, жүру барысын қадағалайтындарын атап өтті.

Ембіліктер өз кезегінде Атырау облысы үшін маңызды тақырыптың тағы бірі – «Атырау-Астрахан» тас жолындағы күрделі жөндеу жұмыстары, Атырау қаласының экологиялық ахуалы, облыс орталығының дренаждық жүйесін

реттеу, кешенді тазарту қондырғыларының жағдайы және басқа да өзекті мәселелерді көтеріп, сауалдарын қойды.

Мәжілісмендер бұл жұмыстар барысымен жеке танысқандарын атап, ары қарай да назарда ұстайтындарын атап өтті.

Кездесу соңында ембіліктер қоғамдық қабылдауға жазылып, мәжілісмендерге толғандырған мәселелерін жеткізді.

Бас компаниялар жаңалықтары

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР – «ҚАЗМҰНАЙГАЗДЫҢ» ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Жуырда Елордада «Өндірістік қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық. Сын-қатерлер мен тәсілдер» тақырыбымен жыл сайынғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бас директорларының VII форумы өтті. «ҚазМұнайГаздың» еңбекті және қоршаған ортаны қорғау қызметі ұйымдастырған форум саладағы өзекті мәселелерге арналды. Жиынға «Самұрық-Қазына» АҚ және ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері мен басшылығы, 30-дан астам еншілес және тәуелді ұйымдардың бас директорлары және мемлекеттік органдар мен ҚМГ-ның бірқатар шетелдік серіктестерінің өкілдері шақырылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев алғы сөзінде қызметкерлер – компанияның ең жоғары құндылығы екенін атап өтті.

«Екі жыл бойы уақытымыз бен ресурсымыздың едәуір бөлігі пандемиямен күреске бағытталғаны белгілі, алайда бүгін біз қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мәселесіне барынша назар аударуымыз керек. Қызметкерлер – «ҚазМұнайГаз» үшін ең басты құндылық. Олардың өмірі мен денсаулығын сақтау – біздің басты міндетіміз. «ҚазМұнайГаздың» барлық қызметкері үшін еңбек және өндірістік тәртіптің талаптарын бұлжытпай орындау, қауіпсіз өндіріс мәдениетін сақтау басымдыққа айналуға тиіс», - деді компания басшысы.

Сонымен қатар, ҚМГ басшысы жылдан жылға өндірістік жарақат саны азаймай тұрған еншілес ұйымдардың барын айтып, оларды сынға алды. Осыған орай, ол басшылардың бірінші міндеті қызметкерлердің қауіпсіздігін



қамтамасыз ету мен жарақат деңгейін төмендету екенін еске салды.

«Көшбасшы ретінде сіз әрдайым үлгі болып, қауіпсіздік мәселесіне жіті қарайтыныңызды көрсетіңіз. Қызметкерлеріңізден де соны талап етіңіз», - деп атап өтті М.Мырзағалиев.

ҚМГ басшысы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мақсат «ҚазМұнайГаздың» жаңартылған 2031 жылға дейінгі даму стратегиясымен тығыз байланысты екенін алға тартты. Қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі басым бағыттар атмосфералық ауаға бөлінетін шығарындыларды басқару, шикі газдың алау түрінде босқа жағылуын қысқарту, су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын басқару және жерді рекультивациялау мен биоәртүрлілікті сақтауды қамтиды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Джон Уолтон өз сөзінде жарақат пен өндірістік апаттарды болдырмай, нөлдік көрсеткішке қол жеткізу және экологиялық мәселелерді шешу ісінде басшылықтың жеке үлгісі ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

ҚМГ Еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Қайрат Сақтағанов 2021 жылдың және биылғы бірінші жартыжылдықтың



қорытындысы бойынша баяндама жасады. Ол өз бағыты бойынша табысты және артта қалған кәсіпорындарды атап, ҚМГ-ның «HSE тиімділік деңгелегі» корпоративті моделін таныстырды. Онда еншілес компаниялар оқыс оқиғалардың нөлдік көрсеткішіне жету үшін орындауға тиіс 12 бағыт көрсетілген.

Сондай-ақ, қатысушыларға өндірісте 5Z мәдениетін енгізу арқылы «Vision Zero» нөл жарақат қағидасын ұстанатын халықаралық концепция ұсынылды. Ол бойынша «бес нөл», яғни жазатайым оқиғасыз, індетсіз, ластанусыз, қысымсыз және хабарсыздық болмауы керек ережесі негізге алынады.

Форумда сөз алған «North Caspian Operating Company» (NCOC) басқарушы директоры Оливье Лазар NCOC компаниясында технологиялық үдерістердің қауіпсіздігін басқару жүйесі қалай жұмыс істейтініне тоқталды. Ал «Теңізшевройл» ЖШС өндіріс жөніндегі бас менеджері Стивен Коннер HOP (Human & Organisational Performance, адам мен ұйымның өзара іс-қимылының тиімділігі) жүйесін енгізу тәжірибесімен бөлісті. Ал PricewaterhouseCoopers (PwC) сарапшысы Жазира

Жанәділова тұрақты дамудың жаһандық трендтері мен NetZero халықаралық стратегиясын таныстырды. Қосымша панельдік сессияда еншілес ұйымдардың бас директорлары бірқатар өзекті мәселелерді талқылады.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктері үшін бірқатар компаниялар марапатталды. Олардың қатарында «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша корпоративтік бастамаларды тиімді жүзеге асырғаны үшін), «Ембімұнайгаз» АҚ (көлік қауіпсіздігі саласындағы жобасын сәтті жүзеге асырғаны үшін), «Қаражанбасмұнай» АҚ (қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесі үшін), «ҚазТрансОйл» АҚ (озық тәжірибелерді тиімді енгізгені үшін), «Caspri Bitum» БК» ЖШС (өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көшбасшылық пен бейілділігі үшін) және «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС (өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдарын тиімді енгізгені үшін) марапатқа ие болды.

Жаңа мүмкіндіктер

АТЫРАУ ТҰРҒЫНДАРЫ IPO БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ



«Самұрық-Қазына» қорының, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ өкілдері 21-22 қыркүйекте «ЕмбімұнайГаз» АҚ, «Теңізшевройл» ЖШС, Атырау мұнай өңдеу зауыты, NCOС сияқты кәсіпорындардың жұмыскерлері мен Атырау қаласының тұрғындарына IPO бағдарламасына қатысу мүмкіндіктерін таныстырды. Қазақстандық брокерлік-дилерлік ұйымдар мен АІХ және KASE қор биржаларының өкілдері де іс-шараның спикерлері болды.

Сарапшылар кездесуге қатысушыларды «Самұрық-Қазына» қорының жекешелендіру бағдарламасының және портфельдік компаниялары IPO-сының іске асырылу барысымен, оның ішінде бірінші IPO кандидаты - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниясы туралы негізгі ақпаратпен таныстырды. Ұйымдастырушылар кездесуге қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері IPO ұлттық компанияларды жекешелендірудің ең ашық тәсілдерінің бірі болып табылатынын атап өтті. Бұл ретте, компаниялардың акцияларының бақылау пакеттері олар қор нарығына шыққаннан кейін «Самұрық-Қазына» қоры арқылы мемлекет меншігінде қалады.


- Сонымен қатар, институционалдық және жеке инвесторлардың (ҚР азаматтары) акцияларды сатып алуының инвестициялық тәуекелі бар екенін түсіну қажет, өйткені макроэкономикалық, геосаяси және басқа да көптеген сыртқы факторлар компаниялар акцияларының бағасына, сондай-ақ оның дивидендтер төлеу қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін, - деп атап өтті Қордың Экономика және жоспарлау департаментінің директоры Мират Өтепов.

Брокерлік ұйымдар тарапынан спикерлер әлеуетті инвесторларға алаяқтық қаупі туралы ескертті

және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, KASE Қазақстан қор биржасының және Astana International Exchange (AIX) биржасының сайттарында брокерлік лицензиясының болуын тексеруді ұсынды.

Осылайша, кездесуге қатысушылар инвестициялаудың баламалы тәсілі ретінде IPO тетіктері жайында білді. 2022 жылғы 16-30 қыркүйек аралығында еліміздің 60-тан астам қаласында тұрғындармен, компания қызметкерлерімен және өндірістік объектілердің жұмысшыларымен ақпараттық-түсіндіру кездесулері өтетінін естеріңізге сала кетейік.

Халықтың қаржылық сауаттылығы мен инвестициялық мәдениетін арттыру, сондай-ақ ірі ұлттық компаниялардың, соның ішінде, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның алдағы IPO-лары туралы хабардар ету мақсатында «ЕмбімұнайГаз» АҚ-да өткен жиында ЕМГ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев спикерлерге түсіндіру жұмыстары үшін ризашылығын білдіріп, ембіліктерді алаяқтардың арбауынан сақ болып, тек қана ресми ақпараттарға жүгінуге шақырды. Айта кетейік, IPO және Қордың жекешелендіру бағдарламасы туралы ipo.sk.kz мамандандырылған интернет-ресурсынан толығырақ білуге болады.





ПОДДЕРЖКА ОТЕЧЕСТВЕННОГО ПРОИЗВОДИТЕЛЯ

По заказу АО «Эмбаунайгаз» на заводе ТОО «Атыраунефтемаш» ведется строительство поглотительной и окислительной колонны LO-CAT (реактора) для установки комплексного попутного газа (УКПГ) им.С.Нуржанова.

- Раньше такое оборудование изготавливалось за рубежом, в частности, в Китае, но в период пандемии коронавирусной инфекции возникли сложности в переговорах с Поднебесной, поэтому было принято решение дать заказ ТОО «Атыраунефтемаш». К чести отечественного машиностроительного предприятия, оно нас не подводит, и уже начинается отгрузка частей оборудования, - рассказал генеральный директор ТОО «Эмбаунайгаз» Есен Каиржан.

В свою очередь, генеральный директор ТОО «Атыраунефтемаш» Темирлан Даркембаев сообщил что реактор изготавливается из уникальной аустенитной стали, всего в сборке задействованы только казахстанские специалисты.

«Проект LO-CAT для нас уникальный, прежде всего тем, что требует особого подхода в металлообработке

и сварке, согласования сварочных процедур и методов контроля. Учитывая это, наш персонал прошел специальное обучение. Необходимо изготовить очень много элементов оснастки для сборки этого изделия. Первый элемент – его нижняя часть, размеры ее внушительные – 10 метров в диаметре, более 30 метров в высоту, вес изделия в сборке – более 100 тонн, транспортный вес-140 тонн», - говорит производственный директор ТОО «Атыраунефтемаш» Александр Донсков. - Реактор изготавливается по американской лицензии, впервые используемой в Казахстане. Около 100 человек персонала, задействованных в сборке, работают в три смены.

После того, как реактор будет готов, специалисты «Атыраунефтемаша» доставят его до места

назначения, проведут шеф-монтаж, сборку и пусконаладочные работы.

Напомним, что технология LO-CAT предназначена для сероочистки кислых и природных газов и представляет собой систему окисления-восстановления жидкости, применяющую регенерируемый катализатор (раствор хелатного железа) для превращения сероводорода в безвредную элементарную серу. Данная технология позволяет широко варьировать эксплуатационные параметры очистки и обеспечивает очень высокую эффективность удаления сероводорода.

Совещание

В ОБЪЕКТИВЕ ПОСТОЯННОГО ВНИМАНИЯ – БЕЗОПАСНОСТЬ И ОХРАНА ТРУДА



О личной вовлеченности каждого руководителя и каждого сотрудника в процесс управления безопасностью и охраной труда шла речь на совещании Комитета по охране труда, промышленной, пожарной безопасности и окружающей среды, прошедшего под руководством заместителя генерального директора по производству Канатбека Касымгалиева. В совещании приняли участие руководители всех производственно-структурных подразделений (ПСП), директора ряда департаментов, руководители служб, а также представители подрядных организаций, в частности ТОО «Семсер - Өрт сөндіруші» и ТОО «Медикер-ПМ».



Открывая совещание К.Касымгалиев еще раз заострил внимание собравшихся на актуальности темы охраны труда и промышленной безопасности, повышении дисциплины труда, являющегося залогом безопасного производства, изменении ментальности работников в вопросах, касающихся БиОТ.

Затем были заслушаны отчеты о проделанной работе в области безопасности и охраны труда, пожарной и промышленной безопасности за 8 месяцев текущего года 4 НГДУ и 2 управлений АО «Эмбаунайгаз». Руководители ПСП озвучили ряд проблемных вопросов, требующих скорейшего решения, в том числе, и по противопожарной безопасности. Вторым вопросом повестки дня стало принятие разработанных внутренних нормативных документов (ВНД), положений и правил по БиОТ, пожарной и промышленной безопасности и ООС. С краткой информацией по ним выступил руководитель рабочей группы по созданию ВНД, заместитель начальника ОТ и ПБ НГДУ «Кайнармунайгаз» М.Бигалиев.

Тема лидерства каждого руководителя в области охраны труда и промышленной безопасности была продолжена в выступлении директора департамента охраны труда и окружающей среды Ануарбека Каримова. Как отметил он, каждый начальник ПСП должен иметь глубокое понимание ответственности перед работниками по обеспечению безопасного труда, недопущения травматизма и рисков, создающих угрозу здоровью персонала. Также должна проводиться постоянная разъяснительная работа в коллективах на тему безопасности.

А.Каримов проинформировал собравшихся о нововведениях в области БиОТ. Это корпоративная модель «Колесо эффективности HSE», состоящая из 12 направлений, по которым «КазМунайГаз» будет оценивать деятельность всех ДЗО по БиОТ. А также карта «Корғау» и пилотный проект ТОО «Tigin Industri» по обслуживанию СИЗ, спецодежды и спецобувью.

Кстати, пилотный проект по использованию электронного наряда –допуска с ЭЦП-ключом, внедренный в НГДУ «Кайнармунайгаз» показал свою эффективность и теперь будет тиражирован во всех ПСП.

После совещания состоялось заседание производственного совета по безопасности и охране труда. На нем было принято ряд решений, в том числе по переизбранию технических инспекторов, членов производственного совета от профкома. Внутренние нормативные документы направлены в профсоюзный комитет на согласование.



Қоғам

ӘРІПТЕСІМІЗ – ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ

Әріптесіміз – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Сырымбек Сәрсембаев Атырау облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды.

Жуырда өткен актив жиынында Сырымбек Жақсыбекұлына депутаттық төсбелгіні «Аманат» партиясы Атырау облыстық филиалының атқарушы хатшысы Абдолла Идресов табыстады.

- Мен үшін депутаттық мандат – үлкен жауапкершілік. Ел игілігі үшін қоғамдық жұмысты адал атқаруға жұмыстанамын, - дейді С.Сәрсембаев.



Марапат

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРГЕ ҚҰРМЕТ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығына орай компания басшылығы Атырау өңіріндегі энергетика саласының ардагерлері және қызметкерлерімен кездесіп, құрмет көрсетті.

ЕМГ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек ҚАСЫМҒАЛИЕВ Ембінің 100 жылдық тарихына тоқталып, ғасыр ішінде жеткен жетістіктерде энергетика саласы мамандарының да үлкен қолтаңбасы бар екендігін атап өтті.

«Бұл тек қазақ мұнайының қарашаңырағы Ембінің мерейтойы ғана емес, ел экономикасының күретаымы саналатын барлық мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мейрамы деп білеміз. Өйткені, қазақ мұнайының бастауы Ембі екені мәлім. Мұнай көзі табылған соң, инфрақұрылым жүйелері жүргізілді – электр желілері тартылып, мұнай тасымалдаушы құбырлар, теміржолдар салынды. Сондықтан, энергетика саласы мекемелері – біздің стратегиялық серіктестігіміз деп білеміз, - деп атап өтті Қанатбек Махмұдұлы.

«Атырау Жарық» АҚ Директорлар Кеңесі Басқармасының мүшесі Оразғали Қаршеген, «Атырау Жарық» АҚ Президентінің кеңесшісі Максим Кенжеғалиев, зейнеткер Валерий Шмунк, «Атырау-Жарық» АҚ бірінші вице-президенті Мейірбек Губашев, бас инженердің орынбасары Қуат Сисенғалиев, орталық диспетчерлік қызметінің басшысы Константин Дмитриев, Атырау қалалық аудан электр желілерінің басшысы Серік Тұрдалиев, «АтырауЭнергосату» ЖШС Тұрлан Довлатов, ҚР Энергетика министрлігі атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Атырау облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Жасұлан Айтқазиевті «Ембімұнайгаз» АҚ-на - 100 жыл» мерекелік медалімен марапаттады.

Сондай-ақ, жиын барысында электр энергетика саласының Атырауда дамуына да 100 жыл болғандығы атап өтілді. Өз кезегінде «Атырау-Жарық» АҚ Директорлар Кеңесі Басқармасының мүшесі Оразғали ҚАРШЕГЕНОВ сала мамандарына көрсетілген құрметке ризашылығын, бірлескен жұмыстың сәтті жалғасатынына сенім білдіріп, мұнайшыларды кәсіби мерекемен құттықтады.



Алаяқтардан сақ болыңыз

Цифрлы технологияларды меңгерген алаяқтар ұлттық компаниялардың атын жамылып, халықты инвестиция салып, оңай жолмен ақша табуға шақырып жүр.

Интернетте, атап айтқанда Google, Yandex іздеу жүйелерінде, YouTube және өзге де әлеуметтік желілерде «ҚазМұнайГазға инвестиция салып, жоғары табысқа кенел» деген желеумен жарнамалар жаппай таратыла бастаған, ол сілтемелер алаяқтар құрған арнайы сайттарға бағыттайды. Халықты құрығына түсіру үшін алаяқтар жасақтаған сайты «ұлттық компаниялардың ресми сайты», сондай-ақ «қаржылық» немесе «инвестициялық» компаниялардың веб-ресурстары ретінде көрсетеді. Бұл жалған қаржылық компаниялар белгілі бір сомаға ҚазМұнайГаздың акцияларын сатып алуды ұсынып (мәселен, 127 мың теңге), бір-екі айда «ай сайын 8500 долларға дейін инвестициялық табыс алып тұр» деген желеумен қызықтыруға тырысады.

Ал бұл әрекеттері нанымды болуы үшін олар ұлттық компаниялардың осыған дейін жарияланған ресми бейнероликтерін қайта дыбыстап қолданады. Нәтижесінде, алаяқтардың сайтына өткендер компания атауы бірнеше рет қайталанатын, кәсіби дыбысталған жалған бейнеролик тамашалайды.

Алаяқтық сайттардың алгоритмдері ұқсас. Әдетте олардың дерекқоры жоқ және тұрақты HTML сайттар болып келеді. Бұл оларды USB дискіне көшіріп, бір доменнен екіншісіне оңай тасымалдауға мүмкіндік береді. Дегенмен, мақсатты аудиторияның сұранысына байланысты мәтінді жылдам ауыстыра алатын, дерекқорды кең, заманауи бағдарламалық құралдарды қолданатын динамикалық сайттар да кездеседі.



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛУДЫ ЕСКЕРТЕДІ

Бұл жалған сайттардың атауы .com секілді халықаралық аймақтарда тіркеледі. Мысалға kazmynai-gaz.com, kz-fininvesting.com және butterflyexpect.com сайттарын келтіруге болады. Одан бөлек алаяқтар сайттарын тақырыптық домендерде де тіркеуі мүмкін: tiddley.work, kz.dahod.shop, investor-test.top, trainman.store, delaying.store/kz.

Сайттардан бөлек, алаяқтар қолданған 6 мобильді қосымша анықталған. Олар да ұлттық компания атын жамылып, «KazMunay Invest», «КазМунайГаз», «KazMunay Club Invest», «КазИнвест» секілді түрлі атаумен жұмыс істеген.

Қазақстанның құқық қорғау және басқа да құзыретті органдары осы секілді алаяқтық жолмен ашылған

ресурстарды анықтап, олардың жолын кесу бойынша жұмыс атқарып жатқанын айтады. Дегенмен, интернеттегі алаяқтардың ізіне түсіп, кінәліні анықтау қиын. Ол сайттар көп жағдайда шетелдік мекенжайларға тіркелген болып шығады. Сондықтан құқық қорғау органдары, қаржы ұйымдары, ұлттық компаниялар азаматтарға алаяқтардан сақ болуды ескертеді.

«ҚазМұнайГаз» бұл мәселе бойынша Қаржы мониторингі агенттігіне (АФМ) және Ұлттық банкке өтініш жолдады. Өтініш Ішкі істер министрлігіне берілді. Нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің Есілаудандық полиция басқармасы қылмыстық іс қозғады. ҚазМұнайГаз осы қылмыстық

іс бойынша жәбірленуші ретінде барлық деректерді ұсынды. Қазіргі уақытта аталған құқық бұзушылыққа қатысты күдіктілерді анықтауға бағытталған тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру шаралары жүріп жатыр.

Компанияның қызметі туралы сенімді ақпарат тек www.kmg.kz сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда жарияланады.

Қазақстандықтар сондай-ақ 1459 нөмірі арқылы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне хабарласып, тұтынушы ретінде құқықтық кеңес ала алады.

www.munailymeken.kz

Мұнайшылар шығармашылығы

МҰНАЙШЫЛАРҒА

Тартып терең ұңғылардан мұнайын,
Өткізетін өндірісте күн, айын.
Жасай берші, мұнайшылар, аман боп,
Мен де соны бір Алладан сұрайын.

Өндіресің қара алтынды тежеусіз,
Ұңғыларды дайын қылар дереу сіз.
Күн түн демей жүрсендағы бел шешпей,
Кейбіріңнің еңбектерің елеусіз.

Құтты болсын айтулы күн мейрамың,
Қара алтын ғой қазынаға жиганың.
Дүмпу беріп дамуына елімнің,
Жандандыршы күре тамыр, бой тәнін.

Ғасыр болып, ғасыр толып жасына,
Теңіз толқып қоймағандай басыла.
Кемеліне келген бағзы алыптай,
Ембім жатыр бүгін міне тасына.

Жасай берсін қоғамымыз әрдайым,
Өтсе өтсін бір өзіңде күн, айым.
Жас мамандар үкілеген үмітім,
Игерем деп кенішіңді тұр дайын.

Жұмабай АМАНОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ
Б.Жоламанов мұнай және газ өндіру
бөлімшесінің операторы



БІР ҚҰРДАСЫМА...

Амандастым өзіңменен құрдасым,
Кішіпейіл мейірбанмын өз басым.
Хабар алмай сіздің жақтан алаңдап,
Төгіп жатыр амалсыздан жыр жасын.

Жадырайды жаз жамалы нанымды,
Құстар қостап шуласады әнімді.
Жүрген едім еш алаңсыз жүдемей,
Еске түстің жылатумен жанымды.


Қалсын пікір келісейін жауапсыз,
Жақсы жанға өзіңізді балапсыз.
Досың едім бір кездегі балауса,
Жалын болдым жанатұғын алаусыз.

Күндер өтер аптаменен таласып,
Жан емес ем іс қылатын санасып.
Аман жүрсең болды маған жетеді,
Тілеуімде сізге жүрер қарасып.

Сіз де маған жақсы тілек тілеңіз,
Жан едіңіз жаны әсем білеміз.
Өткен күндер ой астынан көрінсе,
Сағынумен, жымиюмен күлеміз.

Жұмабай АМАНОВ,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ
Б.Жоламанов мұнай және газ өндіру
бөлімшесінің операторы

Қазақ мұнайының игерілу тарихын 1899 жылы ашылған Қарашұңгіл кен орнынан бастайды. Қазақ жерінде мұнайдың мол қоры бар екенін, оның жердің бетінде жайылып жатқанын және олар негізінен Жайық пен Жем өзендерінің бойына шоғырланғанын алғашқы болып жазғандар патша өкіметінің геологтары мен саяхатшылары И.Лепехин (1768 ж), П.Рычков (1772 ж.), П.Паллас (1773 ж), С.Гмелин (1785 ж), Г.Гельмерсен (1836 ж).



Соның ішінде ағылшын алпауыттары Эдуард Юм-Шведер мен Отто Лист Жайық-Ембі аудандарына өздерінің инженерлері мен геологтарын жіберіп, мұнай қорының перспективасын зерттейді. Тиянақты зерттеулердің нәтижесінде ағылшындар Леман компаниясын 1910 жылы концессия құру құқымен сатып алады. Бұлардың құрған компаниясының жаңа атауы «Жайық-Каспий мұнай қоғамы» деп аталған. Осы қоғамға Гурьев уезіндегі Бұлан, Қарамайлы, Қарашағыр, Ембі, Атырау, Кермеқас, Ақбас және Жаршық болыстарындағы кен орындарын зерттеу құқы қоса беріледі.

1911 жылдың 29 сәуірінде Доссор маңындағы №3 ұңғымадан да қуатты бұрқақ атылады. Оның биіктігі жерден 20-25 метрге дейін көтерілген екен. Мұнайының сапасы да жоғары, құрамындағы керосин қоспасы 70 пайызға жеткен. Бұл кәсіпкерлерді қатты қызықтырады, өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, ол кезде мұнайдың ең басты қажетті өнімі керосин болған. Ал, іштен жану двигательдері енді ғана жаппай жасалып жатқан. Сөйтіп, аса ірі Ембі мұнай кәсіпшілігі басталған.

Сөйтіп, ағылшын капиталының араласуымен 1910-1913 жылдар арасында акционерлік негізде мұнай компаниялары құрылады. Соның ішінде 1912 жылы құрылған «Батыс-Жайық» ЖШС, «Орта Орал-Каспий» АҚ және 1914 жылы Лондон қаласында тіркелген «Каспий мұнай компаниясы және Ембі мұнай өнеркәсібі» АҚ бар. Соңғының негізгі капиталы 6 миллион рубльді құрап, оның 2,5 млн ағылшындардың үлесінде болған. Ал ағылшын мұнай компаниясына кейін атақтары жер жарған ағайынды Нобельдер иелік еткен. Барлық акцияның 42,5 пайызын «Ағайынды Нобельдер серіктестігі» еншілеген. Акцияның басқа бөліктерін неміс пен француз кәсіпкерлері алған.

1925-1926 жылдары Ембі кен орындарының жұмысын басқаруға «Эмбанефть» тресі келеді. Ескене де осы кен орындарының бірі болғандықтан, трестің жұмысына да тоқтала кеткенді жөн көрдік. Бұл трестің өзі 1922 жылы Доссор мен Мақат кен орындарын игеру үшін құрылған болатын. Трестің алғашқы басқарушысы Рувим Фридман.

1926-27 жылдары «Ембімұнай» тресінің кәсіпшіліктері мұнайды тереңге тартылған насостармен және компрессорлармен өндіре бастады. Бір мезгілде қазандықтар мен тұрмыстық мұқтаждықтар үшін табиғи газды да пайдалана бастады. Доссорда пайдалану ұңғымалары қосылған газ магистралі салынады.

1928 жылы мұнай өндіру өнеркәсібінің маңызды мәселелерін шешуге орталық басқару органдарының қашықта орналасуына байланысты БК(б) Қазақстан Өлкелік партия комитеті «Эмбанефтіні» Мәскеуден Гурьев қаласына көшіру туралы ұсыныс жасайды. КСРО-ның Жоғарғы халық шаруашылығы Кеңесі (ВСНХ) бұл мәселені бірден шешпей, кейінірек оралып, 1929 жылы маусым айында ғана «Эмбанефть» тресін Гурьевке көшіреді. Бұл уақытта трестің бастығы Яков Лаврентьев болған.

Әбдірахман ҚАЗИЕВ,
ардагер мұнайшы, бұрғышы

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ ТАРИХЫНАН...

Атырау өлкесіне қызығушылық таныту Ресей патшалығында І Петрдің тұсынан басталғаны айтылады. Хиуаға 1714-1717 жылдары жорық жасаған орыс патшасының экспедициясымен А.Бекович-Черкасский деген ғалым алдымен топографиялық карта жасаған екен. Ол Каспий бойын, соның ішінде Атырау өлкесін қағазға түсіреді. Ал, 1768-74 жылдары Ресейдің Ғылым академиясы М.Ломоносовтың басшылығымен жоғарыда аттары аталған И.Лепехин, С.Гмелин, И.Фальк, И.Георги сияқты бір топ ғалымдарды Атырау өлкесін зерттеуге аттандырған. Осы жолы олар Жем мен Жайық бойынан жерге шығып жатқан мұнайды көргенін алғашқы болып жазған. Ол кездегі ғалымдардың негізгі мақсаты темір, көмір, алтын, күміс және т.б. кен орындарын табу болған. Ал, мұнайды олар жол-жөнекей, жердің үстіне шығып жатқанын атап өткен.

Қазақ даласын көп зерттеген орыстың тарихшы, этнограф ғалымы А.Левшин өзінің «Описание киргиз казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» деген 1832 жылы Санкт-Петербург қаласында шыққан кітабында қазақтардың Сағыз өзенінің бастауында жер бетіне шығып жатқан мұнай сілемдерін түрлі қажеттіліктеріне пайдаланып жүргенін жазады.

Этнограф-ғалымдар мен зерттеушілердің осындай жазбалары көптеп шығып жатқанымен Атырау мұнайын өндірістік негізде игеру көп кейін қолға алынды. Ол тек 1892 жылы Түркістанға темір жол тарту жұмыстарымен қатар жүргізілді. Осы жылы «Рязань-Орал» темір жол салу компаниясы және Геологиялық комитет Жайық-Ембі бассейнінің табиғи байлықтарын зерттеу үшін геолог С.Никитиннің басшылығындағы арнаулы экспедицияны аттандырады. Осы экспедицияның мүшелері тұңғыш рет қолмен бұрғы салу арқылы мұнай қорын барлау жұмыстарын жүргізеді. Олар тереңдігі 6-9 метрден аспайтын ұңғымалардың алтауын Доссорда, біреуін Ескенеде және бесеуін Қарашұңгілде тұрғызады.

Ол кезде де өнеркәсіп жаңалықтары газет арқылы Ресейдің орталық қалаларына тарап отырған. Атырау өңірінде мұнай барлау жұмыстары басталғанын содан білген қазіргі Орынбор облысындағы Соль-Илецк қаласының тұрғыны Юрий Лебедев деген бір бай адвокат бұған қызығушылық танытып,

1892 жылы осы іске бар ақшасын салады. Қазіргі тілмен айтқанда инвестор болып, бұрғылап барлау жұмыстарын тереңірек жүргізуге үлес қосады. Оның көмегінің арқасында Дөңгелексор, Ескене, Ащықұдық, Мұнайлы және Қарашұңгілге ұңғымалар салынады. Алайда оның қаражаты мұнай барлау ісін ұзақ мезгіл жүргізуге жетпей, барлық меншігін сатуына тура келеді. Бұрынғы штабс-капитан, кейін кәсіпкерлікпен айналысып жүрген В.Леман оның барлық меншігін сол кездегі 26 мың рубльге сатып алған екен. Ол Лебедевке қарағанда бұл іскер, пысық болып шығып, өзінің кәсіпорынын «Леман и К» деп тіркегіп, қасына бірнеше компаньондар тартады.

Қазақ даласындағы алғашқы мұнай кәсіпорыны болған бұл компания 1898 жылдан 1909 жылға дейін 11 жыл өмір сүрген. Леманның іскерлігінің арқасында оның компаниясы 1898 жылы қолмен 60 ұңғыма қазған. Бір ғана Қарашұңгілдің өзінде 38-ден 275 метрге дейін баратын 21 ұңғыма қазған. Соның ішінде, 1899 жылдың 13-18 қараша аралығында Қарашұңгілде алғашқы мұнай бұрқағы атылады. Осы күнді Қазақ мұнайының туған күні деп атап жүрміз. Өйткені, мұнайды өндірістік жолмен, алғаш рет, тереңнен ұңғымамен шығару ісі осы кезден басталған. Алғашқы бұрқақ 25 мың тонна мұнайды сыртқа шығарған.

В.Леман кешікпей «Ембі-Каспий» атты серіктестік құрып, оған Петербордың Грум-Гружимайло, Деспельмайер деген сияқты кәсіпкерлерін де тартады. Аты-жөндеріне қарағанда бұлардың бәрі де Ресейде тұрып жатқан немесе осында туып-өскен неміс, француз және т.б. халықтардың өкілі екені көрініп тұр. Олардың мақсаты байлығын сорып жатқан жергілікті өңірді өркендету емес, тезірек баю екені белгілі. Сондықтан олар өндіріске көп қаражат салуға тырыспаған. Осы себепті компания Қазақ мұнайын одан әрі игеруге шамасы келмейтін хал танытады.

Тығырықтан шығу үшін «Леман и К» компаниясы өкіметке концессияны шетелдіктерге сату керек деген ұсыныс жасайды. Оны сол кездегі министрлер кеңесінің төрағасы, Балтық бойы немістері қатарынан шыққан С.Витте қолдайды.

Атырау мұнайын сатып алуға Англия мен Швейцариялық синдикаттар қызығушылық білдіреді.



ЕМБІЛІКТЕР ІРІКТЕУ ТУРНИРИНДЕ ТОП ЖАРДЫ

Ақтау қаласында «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры компаниясының еліміздің батыс өңіріндегі компаниялары қызметкерлерінің арасында спартакиада өтті.

Үш күн бойы өткен жарысқа қатысушы ембілік спортшыларды әлеуметтік саясат және және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Куандық Калидуллин бастап барды.

Жалпы 8 спорт түрінен 30-дан астам ембілік қатысып, бағы мен бабын сынады. Атап айтсақ, шахмат, тоғызқұмалақ, стритбол, волейбол, шағын футбол, үстел теннисі және т.б спорттарынан жарыстар тартысқа толы өтті.

Батыс аймақтық іріктеу турнирінде әйелдер арасында үстел теннисінен «Жайқұмұнайгаз» МГӨБ қызметкері Тамара Сабирова II орынды еншіледі.

Шахматтан әріптестеріміз Құралай Сагинаева мен Асылбек Ғаллам және тоғызқұмалақтан Тұрсынай Сағынғалиева мен Сырым Мұратов қола жүлдегерлер атанды. Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ волейбол құрамасы төртінші орынға табан тіреді.

Аталған әріптестеріміз енді Алматы қаласында өтетін «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры компаниясының финалдық турында Ембінің намысын қорғайтын болады. Сәттілік тілейміз!



Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!
«Ембімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).



WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmgp.kz
Калидуллин Куандық Мәдениетұлы
Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Г.Шарафетдинова - Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.